

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 2 мамыр N 548. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1996.12.27. N 1663 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 U962895_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес орталық аппарат қызметкерлерінің шекті санының негізінде 140 адам болып бекітілсін (ғимарат күзету және оған қызмет көрсету жөніндегі құрамды қоспағанда).

Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі - Ғылым академиясы орталық аппараты қызметкерлерінің аталған санын ұстау мынадай тәртіппен жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

63 адам - 1996 жылға арналған республикалық бюджетте орталық және жергілікті атқарушы органдарды ұстауға көзделген және "1996 жылға арналған республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік органдардың шекіт шығыстары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 430 P960430_ P960430_ қаулысымен бекітілген қаржы есебінен;

77 адам - 1996 жылға арналған республикалық бюджетте ғылымды қаржыландыруға көзделген қаржы есебінен, үстіміздегі жылдың аяғына дейінгі есеп бойынша еңбекке ақы төлеу қоры 9942 мың (тоғыз миллион тоғыз жүз қырық екі мың) теңге.

2. Қазақстан Республикасының ғылым министрлігі - Ғылым академиясына Қазақстан Республикасы Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің 4 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасары - вице-президентін, сондай-ақ 14 адамнан тұратын алқа ұстауға рұқсат берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен түгендеу жүргізіп, бұрын Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Қазақ ауыл шаруашылығы академиясына және олардың аумақтық бөлімшелеріне тиесілі болған үй-жайлар мен ғимараттардың қажетті санын, олардағы жабдықтармен, байланыс құралдарымен, есептеу техникасымен және Алматы қаласындағы өзге де

мүлкімен (оның ішінде Шевченко көшесі, 28 мекен-жайындағы ғимарат), сондай-ақ республиканың басқа да әкімшілік орталықтарындағы мүліктерімен қоса Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жедел басқаруына берілуін ресімдесін.

4. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының орталық аппараты үшін 5 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы туралы ереженің жобасын әзірлеп, белгіленген тәртіппен ұсынатын болсын.

6. "Қазақстан Республикасы ғылым және жаңа технологиялар

министрлігінің орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1789 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 2 мамырдағы
N 548 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі
Ғылым академиясы орталық аппаратының
құрылымы

Болжау және ғылыми-техникалық бағдарламалар бас басқармасы
Қаржы-экономика басқармасы
Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама басқармасы
Іргелі зерттеулер басқармасы

<*>

Ғылыми-ұйымдастыру басқармасы
Халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық басқармасы
Ақпараттық инфрақұрылымды дамыту басқармасы
Ғылыми-баспа жұмысы бөлімі
Патенттер, лицензиялар бөлімі

Кадр бөлімі
Арнаулы сектор
Өндірістік-әкімшілік басқармасы
Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.07.24.
N 924 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК